ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

# «EDU.E-HISTORY.KZ»
# ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 2(22) сәуір-маусым 2020
ISSN 2710-3994

**Бас редактор:**
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

*Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Кырғызстан)*

*Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихыинституты директорының орынбасары. (Казахстан)*

*Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*

*Әбусеитова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БжҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*

*Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*

*Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*

*Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*

*Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*

*Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағыЕуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*

*Матыжанов КенжеханІсләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*

*Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*

*Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*

*Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы
**Ғылыми редактор:**
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы
**Редактор:**
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы
**Жауапты хатшы:**
Қоңқабаева Арайлым
**Техникалық хатшы:**
Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

*Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт- Петербурге (Россия)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*

*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*

*Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*

*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государстваКН МОН РК (Казахстан)*

*Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*

*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*

*Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*

*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана»*

*Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогическийуниверситет (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*

*Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Таймагамбетов Жакен Кожахметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК,Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна
**Научный редактор:**
Козыбаева Махаббат Маликовна
**Редактор:**
Кубеев Рустем Джаулыбайулы
**Ответственный секретарь:**
Конкабаева Арайлым Нурболатовна
**Технический секретарь:**
Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**
Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*

*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassievna – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member ofGerman Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NationalAcademy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**
Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**
Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**
Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**
Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

**Technical secretary:**
Khumarzakh Altynbek

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

# МАРАТ МҰҚАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ОРТА ЖҮЗ РУЛАРЫНЫҢ ТАРАЛУ АЙМАҚТАРЫ

**Арепова А.Д.**

Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология Институтының ғылыми қызметкері,
әл-Фараби ат. ҚазҰУ-нің PhD докторанты.

**Аңдатпа.** *Кіріспе.* Саналы ғұмырының қырық жылдан астам уақытын ғылымға арнаған Марат Мұқанов артына мол мұра қалдырды. Ол, әсіресе, Орта жүз ру-тайпаларының шығу тегі мен этникалық тарихы, орналасу аймақтары туралы зерттеп, өз ізденістерінің нәтижелерін ғылыми тұжырымдап берді. 1974 жылы Марат Сәбитұлы Мұқановтың «Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза» атты еңбегі басылып шықты. Еңбекте негізінен Орта жүз рулары мен тайпаларының таралған аймақтарына географиялық сипаттама беріліп, олардың Ресей империясының құрамына кіруі және осыдан кейінгі қазақ руларының таралуындағы өзгерістер мен әкімшілік реформалар зерттелді. М. Мұқановтың кеңес билігінің күшейіп тұрған кезінде жазуы аталмыш еңбегін таптық көзқараспен қарауға негіз болғаны анық. Алайда сол кезге дейін жарыққа шыққан орыс саяхатшылары мен шенеуніктерінің еңбектерін, архив құжаттарын кеңінен пайдалана отырып жазылған ғылыми еңбек өте құнды. Әлі күнге дейін қазақтың этникалық тарихымен айналысқан зерттеуші қауым М. Мұқановтың бұл еңбегін айналып өтпейді. Мақалада Марат Мұқановтың «Орта жүз қазақтарының этникалық құрамы мен таралуы» еңбегі (1974 ж. жарық көрген) бойынша Орта жүз тайпаларының орналасу аймақтары қарастырылады. Қазақ халқының этникалық тарихымен алғашқылардың бірі болып ғылыми түрде айналысқан М. Мұқановтың осы салаға сіңірген еңбегі зерделеніп, ондағы тарихи-этнографиялық мәліметтерге талдау жасалады.
**Түйін сөздер:** қоңырат, уақ, керей, найман, Мұқанов М., орта жүз, ру-тайпалар, этникалық тарих, қыпшақ, арғын

# ТЕРРИТОРИЯ РАССЕЛЕНИЯ ПЛЕМЕН И РОДОВ СРЕДНЕГО ЖУЗА В ТРУДАХ М.МУКАНОВА

**Арепова А.Д.**

Научный сотрудник Института Истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,
PhD докторант КазНУ имени аль-Фараби

**Аннотация.** *Введение.* Марат Муканов, посвятивший науке более сорока лет своей жизни, оставил богатое наследие. Он изучал происхождение и этническую историю племен Среднего жуза, территории расселения и научно формулировал результаты своих исследований. В 1974 году была опубликована работа Марата Сабитовича Муканова «Этнический состав и расселение казахов в среднем жузе». В работе в основном описываются географические особенности расселения племен и родов Среднего жуза, процесс их вхождения в состав Российской империи и последующие изменения в распределении казахских племен и административные реформы. Понятно, что труд М. Муканова в период советской власти послужило основой для классового подхода к этой работе. Однако научная работа, написанная при широком использовании трудов

русских путешественников и чиновников, архивных документов до этого времени, считается очень ценной. Исследовательское сообщество, занимающееся этнической историей казахов, до сих пор не проходит мимо этой работы М. Муканова.
В статье рассматривается расселение племен Среднего жуза по труду Марата Муканова «Этнический состав и распространение казахов среднего жуза» (опубликовано в 1974 году). Изучена работа М. Муканова, одного из первых по изучению этнической истории казахского народа, проанализированы исторические и этнографические данные.
**Ключевые слова:** М. Муканов, Средний жуз, племена, этническая история, кипчак, аргын, найман, керей, уак, конырат.

## TERRITORY OF DISTRIBUTION OF MIDDLE ZHUZ’SNOMADIC TRIBES IN THE WORKS OF M. MUKANOV

**Arepova A.D.**

Researcher of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
PhD student of the Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

**Abstract.** *Introduction*. Marat Mukanov, who devoted more than forty years of his life to science, left a rich legacy. In particular, he studied the origin and ethnic history of the Middle Zhuz tribes, the areas of their location, and scientifically formulated the results of his research. In 1974, the work of Marat Mukanov «Ethnic composition and resettlement ofKazakhs in the Middle Zhuz» was published. The work mainly gives information about the geographical description of the regions of the tribes and clans of the Middle Zhuz, their integration into the Russian Empire and the subsequent changes in the distribution of Kazakh tribes and administrative reforms. It is clear that the work ofM.Mukanov during the formation of Soviet power served as the basis for a class approach to this work. However, the scientific work written before, with the wide use of the works of Russian travelers and officials, archival documents, is very valuable.
The article deals with the place of residence of the Middle Zhuz tribes written in the works of Marat Mukanov «Ethnic composition and distribution of the Kazakhs of the Middle Zhuz» (1974). One of the first to study the ethnic history of the Kazakh people was the contribution of Mukanov to this sphere, his historical and ethnographic data is analyzed.
**Keywords:** M. Mukanov, Middle Juz, tribes, ethnic history, Kypshak, Argyn, Naiman, Kerey, Uak, Konyrat.

### Кіріспе

ХХ ғасырдың 60-жылдары қазақтың этникалық тарихын зерттеу жұмыстарымен кей ғалымдар айналыса бастады. М.С. Мұқанов пен В.В. Востровтың тарихи этнография саласындағы «Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX – начало XX вв.)» атты еңбегі 1968 жылы жарыққы шықты. Осы зерттеуден кейін Марат Сәбитұлы Солтүстік, Солтүстік-Шығыс, Орталық Қазақстан қазақтарының этникалық тарихына, құрамы мен орналасуына байланысты бірнеше ғылыми мақалалар жариялап, өз ізденісінің қорытындысын 1974 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан «Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза» деген көлемді монографиялық еңбегінде жинақтап берді.

**Материалдар мен әдістер**

Мақалада Марат Сәбитұлы Мұқановтың «Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза» еңбегіндегі Орта жүз тайпалары мен руларының XVIII ғасырдың ортасынан бастап XIX ғасырдың 20-жылдарындағы Ереже қабылдаудан кейінгі орналасу аймақтары негізгі деректермен салыстырмалы түрде сипатталады. Мақала тарихи этнография бағытында жазылған. Салыстырмалы сипаттау, талдау, ретроспективті әдістер қолданылады.

**Талдау**

М. Мұқановтың ғылыми тұжырымдары өзінен кейінгі этникалық тарихымызға қатысты зерттеген ғалымдардың еңбектерінде қолданылып келеді. Ал тарихнамалық сипатта жазылған еңбектерде М. Мұқановтың тарихшы-этнограф ретіндегі қазақ шежіресінің өзекті мәселелерін қозғағаны, осы жолда көптеген жетістікке жеткені туралы айтылған. Ғалым дүниеден өткен соң О. Исмагулов оның өмірі мен қызметі жайлы естелік мақала жазды (Исмагулов, 1998: 114). Мұқанов мұраларын зерттеумен айналысқан Ә. Исаеваның еңбегін ерекше атап айту керек (Исаева, 2019).

**Зерттеу нәтижелері**

М. Мұқанов Орта жүз қазақтарының этникалық тарихымен ғылыми дәрежеде айналысты, бес томдық Қазақстан тарихындағы қазақ ру-тайпаларына қатысты параграфын жазу барысында ол өзіне дейін белгілі болған түрлі дерек көздерін өз зерттеулерінде толықтай пайдалануға тырысты, сонымен қатар далалық зерттеу жұмыстарын жүргізді. Еңбектің басты құндылығы Орта жүз тайпаларын этникалық зерттеудегі проблеманың негізгі ерекшелігі мен спецификасын жан-жақты және нақты талдауы саналатынын зерттеуші Ә. Исаева өз еңбегінде атап кетеді (Исаева, 2019: 67). Зерттеуші ғалым өз зерттеулерін жасау барысында көптеген дерек қорларымен танысып шығады. Орта жүз руларының этникалық құрамы мен орналасу, таралу аймақтарын зерттеу кезінде ең алдымен араб-парсы, қытай, батыс еуропалық авторлардың, шығыстанушылардың жазып қалдырған мәліметтеріне сүйене отырып, өзіндік тұжырымдар жасады. Әсіресе IX – X ғасырларды Қазақстан территориясында өмір сүрген тайпалар жайлы құнды мәліметтер беретін Тамим ибн-Бахр, Ибн Хордадбек, әл-Якуби, әл-Факих, Кудама ибн-Джафар еңбектері, саяхатшы Ибн Фадланның еңбектерінде кимақ тайпалары туралы деректер кездесті. Парсы анонимді авторының «Худуд әл-әләм» еңбегінде неғұрлым толығырақ деректер, атап айтқанда, қимақтардың батыс бұтағы – қыпшақтар туралы да деректер кездесетінін айтады. XI ғасырға жататын Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегіндегі қыпшақ, йемек, аргу тайпалары туралы деректер, Насир-и Хұсраудың «Муфазат әл-гузз» еңбегінде алғаш рет «Қыпшақ даласы» ұғымының пайдаланылғаны туралы мәліметтер қазақтың этникалық тарихының толық картинасын жасауда көмегін тигізгені анық. Ал найман тайпасының шығу тегі мен таралу аймағын анықтау мәселесін шешуде «Ляо ши» («Ляо әулетінің тарихы») IX – XI ғасырлардағы тарихи кезеңді қамтитын қытай дерек көзінде кездесетін мәліметтерге сүйенді. IX – XII ғасырлардағы түрік тайпалары қимақ, қыпшақ, қарлұқ, оғыз және т.б. туралы мағлұматтар Марвазидің «Таба и әл-хайауан» («Жануарлардың табиғи қасиеттері») атты еңбегінде кездесетінін, одан өзге де Плано Карпини мен Гилььом де Рубрук жазбалары, «Құпия шежіре», Рашид ад-Диннің «Жылнамалар жинағы», т.б. деректердегі этникалық тарихымызға қатысты мәліметтерді өз зерттеулерінде пайдаланған М.Мұқанов тарихи кезеңдердегі тайпалар тарихын сипаттап берді. Моңғол шапқыншылығы тұсындағы, Ақ Орда, Қазақ хандығы құрылған кездердегі ру-тайпалар тарихы баяндалған деректер 1969 жылы жарық көрген «Материалы по истории Казахских ханств XV – XVIII вв. (Извлечения из персидских и тюркских сочинений)» атты жинақта, Сібір жылнамаларында кездесетін. Осы шығармалардың ішінде кездесетін ру-

тайпалардың аттары мен олардың этникалық тарихына қатысты мәліметтерді зерделеген М. Мұқанов Орта жүздің тарихына қатысты өз ойларын осы еңбекте тұжырымдап берді.

XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап орыс баспа әдебиетінде Қазақстан мен оның халқы туралы материалдар жарық көре бастады. Автор XIX – XX ғасырдың басына дейінгі Қазақстан туралы мәлімет қалдырған шығармаларға тоқталады. Қазақ жеріне Империя тарапынан жіберілген тілмаш М. Тевкелевің жазбалары мен Орынбор губернаторы И. Неплюевтің қызметтік есептері үш жүздің көшпелі шаруашылығы мен олардың орналасуы, рулардың орысқа бағынуы туралы мәліметтерін сақтайды. Орынбор губернаторы Г. Волконскийдің «О киргиз-кайсаках, разделяемых обыкновенно на Большую, Среднюю и Меньшую орды» жазбасында кездесетін Орта жүздің көптеген тайпалары мен руларының саны мен көші-қон тұрақтары мәліметтер және «Описание капитана Андреева о происхождении Средней орды киргиз-кайсаков, собранных в 1790 году из разных сведений» жазбаларындағы Ертіс бойы мен Горькая шебі маңындағы қазақ руларының таралуы туралыс сондай-ақ архив құжаттары мәліметтері ғалымға толыққанды зерттеу жүргізуге мүмкіндік берді. Қазақстан жайлы ең алғашқы әдеби жазбалар қатарына 1627 жылы жазылып, бірақ 1773 жылы алғаш жарық көрген «Үлкен Сызба кітабын» жатқызады. Одан кейін Г.Ф. Миллердің «История Сибири», П.И. Рычковтың «История Оренбургская по учреждению Оренбургской губернии» және «Топография Оренбургская», И.Г. Георгидің «Описание всех обитающих в Российском государстве народов», Г.И. Спасский, Махонин, А.А. Шахматов, А.И. Левшин, В.В. Вельяминов-Зернов, И.Березин, Ш.Ш. Уәлиханов, М. Красовский, К. Струве, Г. Потанин, Н. Коншин, С. Идаров, А. Леопольдов, М.Н. Галкин, А.К. Гейнс, Н.А. Абрамов, Н.А. Аристов, Г.Е. Грумм-Гржимайло, И.И. Крафт, В. Маевский, Т. Седельников, А. Митаревский, М. Чернов сияқты зерттеушілердің еңбектері мен Ф. Щербина, В.К. Кузнецов, А.В. Переплетчиков т.б. басшылығымен Қазақстанда жүргізілген экспедиция материалдарына сипаттама беріп өтеді (Муканов, 1974: 6-22).

М.Мұқанов осы еңбегінде қазақ халқының құрамындағы ру-тайпалар тарихын тереңнен тартып, олардың атауының шығу төркінінен бастап, тарихи дәуірлердің әр кезеңіндегі мемлекеттік бірлестіктердің қайсысының құрамында болғанын саралап берген. Ақ Орда ыдырағаннан соңғы уақыттағы орта ғасырлық ру-тайпалардың қай мемлекеттің құрамында болғаны жайлы XV ғасырдың басында оның орнында бірнеше иеліктер пайда болғанын, олардың ішіндегі неғұрлым ірілері Ноғай Ордасы мен Өзбек хандығы болғанын, Өзбек хандығы немесе Көшпелі өзбек мемлекеті Сырдарияның төменгі және орта ағысы мен Солтүстік Арал жағалауынан солтүстікте Жайық пен Тобылға дейін және солтүстік-шығыста Ертіске дейінгі жерлерді, яғни кейін Орта жүздің тараған жерін алып жатқанын айтады (Муканов, 1974: 23-24).

Көшпелі өзбектер мемлекеті жергілікті экономикалық және этникалық негізде құрылған мемлекет еді. Әбілхайыр ханның қол астынан алғашқы Қазақ мемлекетінің бөлініп шығады. XV ғасырдың соңында Қазақ хандығы мен Шайбани хан арасындағы қырқыстар нәтижесінде Шайбани хан Мәуереннахр территориясына кетеді де, оның Орталық Қазақстан территориясындағы ықпалы бәсеңдейді. Ал 1510 жылы Шайбани ханның өлімінен соң өзбек-қазақтардың Шайбани ұрпақтарына тәуелділігі толығымен жойылады. Қазақ хандары өздерінің қол астындағы ру-тайпаларымен бірге Орталық және Солтүстік Қазақстан далаларына қайта оралады. Осылайша бұрынғы Өзбек хандығының халқы қазақ деп атала бастады. XIV ғасырдың ортасына таман Шағатай ұлысының орнында Моғолстан мемлекеті құрылды, оның құрамына Жетісу мен Балқаш көлінің батыс жағалауы енді.

XVI ғасырдың басындағы Қазақ хандығындағы қалыптасқан саяси және әлеуметтік жағдайлар қазақ халқының қалыптасуына ықпал етті.

XVIII ғ. бірінші жартысындағы орыс-қазақ қатынастарының дамуы қазақтардың орыс бодандығына өтуіне байланысты Қазақстан территориясында үш жүзге бөліну туралы құжаттар

қалды. Өкінішке орай, ешқандай құжатта Ұлы, Орта және Кіші жүзге қашан бөлініп, қашан құрылғаны туралы бір де бір ақпарат айтылмайды. Өзіне дейінгі мағлұматтарды саралай келе М. Мұқанов зерттеушілердің ортақ пікіріне сүйенеді: қазақ жүздері XVI ғ. басында құрылды деп топшылайды ол (Қазақстан тарихы, 2010: 308-314). «Жүз – қазақ хандығы мен халқы құрылғанға дейін жекелеген тайпалық одақтың территориясы саналған қазақ ру-тайпаларының топтаса орналасқан шаруашылық және географиялық аймағы. «Жүз» сөзінің өзі «бөлік», «жақ» дегенді білдіреді. Жүздердің қалыптасуының өзегінде жекелеген ру-тайпалардың тайпалық одаққа бірігуі жатты» (Муканов, 1974: 26). М. Мұқановтың бұл пікірі Жүздердің пайда болуы туралы тұжырымдардың арасында өзінің өміршеңдігін көрсетіп келеді. Саяси және экономикалық факторлар дами келе XVI ғасырдың басында қазақ халқының қалыптасуына ықпал етті деп санайды ол.

XVII – XVIII ғасырлар қазақ-қалмақ соғыстарымен тарихта қалды. XVII ғасырдың бірінші жартысынан бастап қазақтар мен қалмақтар арасында үздіксіз соғыстар жүргені белгілі. Екі көшпелі халық арасындағы соғыс жайылым жерлерге талас туғызды. Ертіс, Есіл, Тобыл бойындағы жайылымдарды иелену жолындағы тартыстарға Орта жүз тайпалары белсене қатысты. Қалмақпен соғыста қазақтар орыс билеушілерімен одақтас болуға ұмтылды. Әсіресе Сібір жерлері үшін қалмақпен тартыста Ресей патшалығы мен өз жайылымдарынан айырылып қалмау үшін шайқасқан қазақ хандарының мүддесі екі түрлі еді. Ресей патшалығының мақсаты – қазақ жерлерін де өзіне бағындыру болды.

М. Мұқанов орыстардың Сібір иеліктерін қорғауы мен қазақтардың көш жайылымдары үшін соғысы оларды жоңғарға қарсы біріктірді деп санайды. Осы бірігудің арты Кіші жүз ханы Әбілқайыр мен Орта жүздің бір бөлігімен бірге Сәмекенің орыс бодандығын қабылдауына дейін барды деген ой түйеді. Алайда Абылай сұлтан мен Әбілмәмбет хан өзіне қараған тайпалармен 1740 жылдың орталарына дейін ант беруден бас тарты. Осы кезден бастап XIX ғасырдың орталарына дейін Орта жүздің барлық ру-тайпалары Ресейге бағындырылды. XVIII ғасырдың екінші жартысында қазақ даласына орыс шенділері келе бастады, олар ру басшыларының айтып беруімен және өздерінің бақылаған ру-тайпалар мен олардың саны және көш жолдары туралы ақпараттарды империя үкіметіне жеткізіп отырды. М. Мұқанов осы бағытта жазылған орын зерттеушілері мен шенеуніктерінің мәліметтерін, оған қоса өзі жасаған экспедициялық материалдарын қарастырып, Орта жүз тайпалары туралы толық картина жасап шығады. Орта жүзді зерттеу нысаны етіп алған М. Мұқанов оның этникалық құрамы мен тайпалардың таралу аймағын тарихи дамудың әр кезеңіне орай қарастырады.

Орта жүз территориясы батыста Кіші жүз жерімен Арал теңізі – Ырғыз өзені – Торғай өзені бойымен шектесіп жатса, шығыста Ертіс өзенінің аңғары – Алтай – Тарбағатай жоталарына дейін созылып жатты. Оңтүстікте Сырдария – Шу өзені – Балқаш көлі аңғары бойымен шектесіп жатты, солтүстікте Томск және Тюмень губернияларына дейін созылып жатты. (Муканов, 1974: 27). Орта жүз тайпаларының көш жолдары мен шекаралары туралы неғұрлым нақтырақ мәліметтер Ресей империясының билігі тарапынан нақты тапсырмамен жіберілген шенділердің материалдарында кездеседі. Қазақ жеріне келген орыс зерттеушілері мен шенділерінің негізгі тапсырмалары тар ауқымды, мемлекеттік мүддеге сәйкес маңызды болғанымен, олар бақылауына түскен, жергілікті халық өкілдерінен естіген, көрген мәліметтерін жазып қалдырып отырған. М. Мұқанов Орта жүз ру-тайпалары туралы зерттеу жүргізгенде сол кезде белгілі болған тарихи-этнографиялық дерек көздерімен толықтай танысып, талдаған.

XVIII ғасырдың екінші жартысындағы Орта жүз қазақтарының саны мен орналасуы, көш жолдары туралы Орынбор генерал-губернаторы Г. Волконскийдің еңбегіне сүйене отырып, М. Мұқанов барлық Орта жүз тайпаларының орналасу аймағын сипаттап береді.

XVIII ғасырдың екінші жартысындағы керей-уақ тайпаларының жайлауы Есіл өзенінің бойы мен Жайылма көлінің жағасында болса, қыстаулары Ертіс өзенінің бойында орналасқан. Наймандардың көшіп-қонатын жерлері Ертіс бойы мен Тарбағатай таулары, арғындардың қыстауы Баянауыл, Қызылтау, Далба Укітақазлық, Шыңғыс, Шаған, Торғай өзенінің бас жағы және Алатау тауларында болса, жазғы қоныстары Ерейментау маңы мен Нұра және Жалдысу өзендері бойында орналасқан.

Қыпшақтар Есіл, Обаған өзендері бойында және Жасыр, Бағар шатқалдарында, сондай-ақ бір бөлігі жазда Тобыл, Аят және Уст өзендерінің бойында көшіп жүрсе, қыстаулары Дала бекінісінен бастап Троицк бекінісінен өтіп барып, Уст-Уй бекінісіне дейін және Үй өзенінен Тобыл өзеніне дейінгі далалық аймақтарда орналасқан. Тағы бір қыпшақ тайпасының рулары қыста Шақаяқ пен Торғай маңында Қаратауға дейін көшіп жүрді, ал жайлауы Аман қарағай және Белібей шатқалдары маңындағы тұзды көл маңайында болған.

Арғындар Үшбұлақ, Аман-Қарағай, Көкшетау, Ақмола, Қарқаралы және Құшмұрын сыртқы округтерінде орналасқан. Сонымен қатар арғын тайпасының кей рулары Шу өзенінің оң жағалауын мекендегені туралы да айтады. Жазда Талас пен Ассы өзендерінің арасында көшіп жүрген (Муканов, 1991: 70).

Қазақ халқының құрамына енген қоңыраттар Қазақстанның оңтүстігін жайлады. Олардың жазғы көштері Қорғалжын өзеніне дейін жетті. Қоңыраттар Уәли хан билігі тұсында Орта жүзден ажырап, Ташкент, Бұхара, Қоқанмен шекаралас аймақтарда, Қаратау тауы мен Талас өзенінің бойын жағалай өзбектермен көршілесе, және Түркістан айналасын қоныстанды (Муканов, 1974: 70-73).

П.И. Рычков Орта жүзге найман, арғын, уақ-керей және қыпшақ кіретінін айта келе, «Орта жүз тайпалары бай болып келеді, айырбас саудаға жақсы аттар әкеледі» деп жазады (Рычков, 2011: 342).

XVIII ғасырдың соңына жататын келесі бір дерекке Сібір шекаралық шебінде тұрып, қызмет еткен капитан И.Г. Андреевтің жазбалары жатады (Андреев, 1998). Н. Масанов өз еңбегінде Андреевтің жазбаларына сүйеніп, XVIII ғасырдың соңындағы Орта жүз қазақтарының санын 176 000 үй деген мәлімет келтіреді (Масанов, 2011: С. 143). М. Мұқанов осы автордың ізімен XVIII ғасырдың соңындағы ру-тайпаларды былайша орналастырады. Сыбан-керей; олар жаз кезінде Шар және Қызылсу өзендерінің бойымен Уба форпостына қарсы жақта, қыста – Ертіс бойымен жайылма жерлерде және аралдарда көшіп жүреді;

Ақымбет-керейлер жазғы уақытта Шар өзенінің бойымен шептен жүздеген версттан аса Тарбағатай тауына («Дербүғатай тасы») және Қызыл шелек өзеніне қарай кетеді, қыста Ертіс бойындағы жайылма жерлер мен аралдарда, негізінен Шүлбі форпостына қарсы бетте көшіп жүреді;

Уақтар қойбағыш, жанызбай, шоға, сіргелі, бидалы және т.б. тармақтардан тұратын уақтар жазғы және қысқы уақыттарда Ертіс бойымен Талицк және Долон форпостарының арасында көшіп жүреді.

Семипалатинск бекінісінен төмен қарай Ертіс бойымен келесі рулар орналасады: шоқбатар керейлер Ертіс бойымен Талицк форпостынан Семипалатинск бекінісіне дейінгі жерлерде және бекініске қарсы Сементау тауында көшіп-қонып жүреді; Қаракерейлер (найман) тума, мұрын, байжігіт, қыржы, төртуыл, садыр және т.б. Шыңғыстау тауында көшіп жүреді; Тобықтылар да (арғын) Шыңғыстауды қоныс тепкен. Матайлар (найман) Шыңғыстаудың арғы жағында көшіп жүреді. Бура наймандар Ертіс бойында Семипалат бекінісі мен Долон форпосты арасында, аралдар мен займищелерде көшіп-қонады. Терістаңбалы наймандар Ертіс бойымен Долон бекінісіне қарсы көшіп-қонады. Арғынның бәсентиін руының бір бөлігі Долон форпосты маңында көшіп жүрсе, тағы бір бөлігі Черемухова станицасына қарсы, одан ары қарай 200 верст

